

Ашық үлгідегі "Алатау санаторийі" акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 15 маусымдағы N 830

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігінің бірегей табиғи-сауықтыру кешені "Алатау" санаторийін сақтау және дамыту, мемлекеттік дотацияны қысқарту үшін қажетті жағдайларды, сондай-ақ шетелдік инвесторларды тарту және санаторийдің материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігінің "Алатау" санаторийінің ашық үлгідегі "Алатау санаторийі" акционерлік қоғамын құру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Ашық үлгідегі "Алатау санаторийі" акционерлік қоғамының акцияларын бөлудің төмендегідей тәртібі бекітілсін:

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес "Алатау" санаторийі еңбек ұжымының мүшелеріне 10 процентке дейін өтеусіз берілсін;

акциялардың жалпы санының 39 проценті мемлекеттік пакетті құрайды;

акциялардың жалпы санының 51 проценті инвесторларға, сондай-ақ басқа да заңды және жеке тұлғаларға белгілі бір шарттармен сатылады.

3. Ашық үлгідегі "Алатау санаторийі" акционерлік қоғамы "Алатау" санаторийінің материалдық, қаржылық және өзге де құқықтары мен міндеттемелерінің құқық мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзім ішінде ашық үлгідегі "Алатау санаторийі" акционерлік қоғамын құру жөніндегі құрылтайшылық құжаттарды қарап, бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі